

**Д. Панарина, 1-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: И. М. Искаков, мемлекеттік-құқықтық пәндер**  
**кафедрасының оқытушысы**  
**(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды**  
**академиясы)**

## **ТЕРРОРИЗМ — СОҒЫСТЫҢ ЖАҢА БІР ТҮРІ**

Терроризм біздің ортақ үйімізге, мас көршідей, есігімізді қақпай, күштеп кіріп, тыныштығымызды бұзды. Осы жағдайға өзіміз кінәліміз, көршіміздің қандай екенін біле тұра, есігімізді кілттеп алу керек еді.

Бізде ешқандай ұлтаралық және діни жағдайларға байланысты қақтығыстар болмайды деп, өзімізді көп уақыт бойы сендірдік. Нәтижесінде Ақтөбе облысындағы әскери операциялар, Атыраудағы жарылыстар мен Тараздағы зұлмат орын алды. Осы және басқа да болып жатқан жағдайларға байланысты терроризм соғыстың жаңа бір түрі екенін айтуға тура келеді. Терроризм — соғыстың өте белсенді түрі. Мемлекеттерге, ұлттарға қарсы минималды

әскери шығын. Терроризм саяси сұрақтарды шешетін қылмыстық құрал болып табылады. Қазіргі жағдайда терроризм, саяси немесе әлеуметтік, экономикалық, құқықтық, әскери және басқа да ұлттық немесе трансұлттық процестердің аясынан алшақ емес. Терроризмге жан-жақты қарайтын болсақ, терроризм — соғыстың жаңа түрі деуге әбден болады. Қазіргі таңдағы терроризмнің басты принциптеріне келер болсақ:

Біріншіден, терроризм соғыс сияқты белгілі бір экономикалық қызығушылық үшін күрес; ресурстар, өтім нарығы; меншікті қолдану құқығы; белгілі бір аймақты қолдану; спецификалық амалдарды шешуге арналған кеңістік (есірткі заттары көлемінің өсуі).

Екіншіден, теңестіре алмау және әлеуметтік теңсіздік, ұлттық қызығушылық немесе діни сенім мәселелерін шеше алмау. Терроризм саясат әлсіз жерде байқалады.

Үшіншіден, әлеуметтік құбылыс ретінде терроризм көп жоспарлы. Оған экстремистік, террористік идеология, террористік көрініс формасындағы саяси күшті іске асыратын сәйкес мекемелер, сонымен қатар террористік іс-әрекет практикасы сияқты негізгі элементтер жатады.

Төртіншіден, терроризм соғыс сияқты жарылыс жасау, өртеу не басқа да әрекеттер, адамдарға қауіп-қатер жасайтын, мүлікке зиян келтіру немесе басқа да қоғамдық қатерлердің болуы арқылы жүзеге асады.

Қоғамның санасында соғыс белгілі бір күштердің соғыс алаңында бір-бірімен қақтығысуы деп түсіндіріледі. Бірақ соғыс уақытында қарсылас тараптар бейбіт халықпен соғыспайды. Сонда да тарихымызға оралар болсақ, уақыт өте келе әр соғыста бейбіт халықтың қаза табуы көбейе түскен. Мысалы: 1870-1871 жылдары франк-прусс соғысында бейбіт халықтың өлуі 2 пайызға тең болды. Ал екінші дүниежүзілік соғыс уақытында 48 пайыз бейбіт халық қаза тапқан. Вьетнамда болған соғыста 90 пайыз, ал 1982 жылы болған Ливан соғысында осы көрсеткіш 95 пайызға жетті. Осы мәліметтерге сүйенер болсақ, моральдық жағынан соғыс пен терроризмнің арасында ешқандай айырмашылық жоқ.

Осылайша терроризм дүниежүзінің әртүрлі елдерінде дауды, таласты шешудің қорқыту құралына айналған. Терроризмнің ең қорқыныштысы көптеген адам, топтар және ұйымдар үшін мәселені шешудің, жалғыз тәсіліне айналып бара жатқандығы. Осы негізде мемлекеттер халықаралық терроризмге қарсы күресте бірігуде. Екінші дүниежүзілік соғыстың трагедиясы аяқталғанға небәрі жетпіс жылдай уақыт өтті. Енді дүниежүзі терроризм проблемасымен жүздесті. Қазіргі кезде ақпарат құралдары және көптеген саясаткер терроризмді ХХІ ғасыр апаты деп атап жүр. Терроризм әлемдік деңгейдегі ұйымдасқан күшке айналып отыр.

Терроризм ұзақ мерзімді келешекке және оның іске асуы кең ауқымға көзделген соғыс жүйесі болып табылады. Сондықтанда бір немесе бірнеше адамның мінез-құлқын өзгерту үшін олардың бәрін өлтіру немесе жаралау міндетті емес, яғни олардың пайда болу жағдайы мен күйін өзгерту қажет.

Терроризмнің өсу себептері — дағдарыстық құбылыстардың өсуі, саясаттың бақылаушылық-реттеушілік қызметінің әлсіреуі, кейбір елдердің, тіптен әлемдік қауымдастықтың күрделі әлеуметтік-саяси үрдістерді реттей алмауы, идеалдар мен құндылықтардың жылдам өзгеріп отыруы. Бірде-бір мемлекет қандай құдіретті болса да терроризмнің пайда болуынан сақтана алмайды. Көптеген елдің, әсіресе дамушы елдер экономикасының нашар дамуы, жұмыссыздық, кедейшілік наразылықты туғызбай қоймайды.

Сондықтанда, ең бастысы, әлемдегі кедейшілікпен күресіп, адамның психикасына, ойлау мен санасына байланысты көп жұмыс жасау қажет. Терроризмнің негізін жою — ол табанды да, ұзақ жүргізілетін процесс.